

## ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекен-жайы бойынша орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы («Қоғам») осымен өзінің акционерлерін Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 үй мекен-жайы (Қоғамның атқарушы органының мекен-жайы) бойынша 1201 конференц-залда 2014 жылдың 14 сәуірінде 10 сағат 30 минутта мынадай күн тәртібімен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілетіндігі туралы хабардар етеді:

1. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау.

2. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар төлеудің мөлшері мен шарттарын белгілеу.

Акционерлерді тіркеудің басталу уақыты – 9 сағат 30 минут.

Акционерлерді тіркеудің аяқталу уақыты – 10 сағат 15 минут.

Кворум болмаған жағдайда акционердің қайталама кезектен тыс жалпы жиналысы осы күн тәртібімен осы мекен-жай бойынша 2014 жылдың 15 сәуірінде 10 сағат 30 минутта болады.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысына қатысуға құқы бар акционерлердің тізімінің жасалған күні – 2014 жылдың 14 наурызы.

Акционерлер күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдармен 2014 жылдың 28 наурызынан бастап Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, 12-ші қабат, 1207 кабинет мекен-жайы бойынша Қоғамның ғимаратында жұмыс күндері сағат 9 сағат 00 минуттан 18 сағат 30 минутқа дейін, сондай-ақ а [www.kmgep.kz](http://www.kmgep.kz) сайтында таныса алады.